

**«БОЛАШАҚ» МГКДҚ-ДАҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
КАУСТИКТІ ТАЗАРТУ ҚОНДЫРҒЫСЫ ЖОБАСЫ**

ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС
ТҮЙІНДЕМЕ**

2025

1. КІРІСПЕ

Жобаның мақсаты қолданыстағы блокты (қондырғыны) және қышқылды бейтараптандырудың уақытша кешенін термиялық тотықтырғыш технологиясын пайдалана отырып, пайдаланылған каустикті қайта өңдеу жөніндегі жаңа блокты (қондырғыны) (бұдан әрі - Қондырғы) ауыстыру болып табылады.

Түтін газдары ағынын тазартумен толықтырылған термиялық қышқылдандыру технологиясы шетелде де, Қазақстанда да ұқсас объектілерді пайдаланудың озық тәжірибесінің нәтижелерін ескере отырып, тұжырымдаманы таңдау кезеңінде таңдап алынды және өндіріс пен қоршаған орта үшін қауіпсіз режимде МжГКДҚ одан әрі пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік береді. Жоба шеңберінде «ылғалды технология» бойынша термиялық тотығу нұсқасын бағалау жүргізіледі.

Пайдаланылған каустикті тазарту бойынша жаңа қондырғының жобалық қуаты тәулігіне 50 м³ құрайды..

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В». Компаниясы (НКОК) болып табылады. Қазақстан Республикасындағы филиалы: Атырау қ. Смағұлов к-сі, 8, 060002 , БСН 000241000874, Тел: +7 7122 923300, басшысы Джанкарло Рую.

Техникалық емес Түйіндеме жаңа Нысанның жоспарланған құрылысы мен пайдалануының қоршаған ортаға әсерін бағалау шеңберінде дайындалды - каустикті тазарту қондырғысы.

Техникалық емес түйіндеме Ықтимал әсерлер туралы есеп жобасының материалдары бойынша дайындалды.

Құжат Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің (өзгерістер мен толықтырулармен) және 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың (өзгерістер мен толықтырулармен) талаптарына сәйкес дайындалды.

2. БЕЛГІЛЕНІП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ОРНЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ. ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС АУМАҚТАР

Әкімшілік жағынан пайдаланылған каустикті тазарту қондырғысы (бұдан әрі - каустик қондырғысы) Атырау қаласы әкімшілігі шекарасынан шамамен 8 км қашықтықта, Атырау облысының Мақат ауданындағы Қашаған кен орнының жұмыс істеп тұрған - «Болашақ» МжГКДҚ жерүсті кешені аумағында орналастырылатын болады (1-сурет).

Жобаланатын каустик қондырғысына жақын елді мекендер: Таскескен станциясы (8 км астам), Ескене ауылы (15 км астам) болып табылады. Басқа елді мекендер **30 км астам** қашықтықта орналасқан.

ҚР Ұлттық Статистикасының 2025 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша, Атырау облысы халқының саны 710,876 мың адамды, Мақат ауданы бойынша - 29,445 мың адамды құрады.

Табиғи ресурстарды алу және қалдықтарды көму учаскелері

Пайдалы қазбалар. Жоспарланған құрылыс алаңында пайдалы қазбалар кен орындары жоқ

Барлық қажетті табиғи құрылыс материалдары (құм, қиыршықтас, құм-қиыршықтас қоспасы және т.б.) Шарттар бойынша жеткізілетін болады.

Қалдықтарды көму полигондары. Жоспарланатын қызметтің ықтимал әсерлері әсер ететін аумақта қалдықтарды көму объектілері (полигондар) жоқ.

Жобалық шешімдерде қалдықтарды көму көзделмеген. Құрылыс және пайдалану процесінде пайда болатын барлық қалдықтар қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе қайта өңдеу үшін шарт негізінде мамандандырылған, лицензиялары бар ұйымдарға берілетін болады.

Климаты

Атырау облысының физикалық-географиялық орналасуы оның климатының жоғары континенталдылығын сипаттайды. Өңірдің негізгі ерекшеліктері антициклондық жағдайлардың басым болуын, температураның күрт ауытқуын, қарқынды жел режимін және атмосфералық жауын-шашынның тапшылығын қамтиды. Жұмыстар жүргізілетін аудан үшін жауын-шашынның ең көп орташа жылдық мөлшері 352 мм. құрайды.


Суық мезгілдерде (қаңтарда) ауаның орташа температурасы -3.5° С құрайды; салқын айлардағы (қаңтар) ауа -5.3°С, ал ең ыстық мезгілдерде (шілде), ауаның температурасы + 28.228,2° С құрайды..

Қатты желдер есебінен белсенді турбуленттік алмасуды қалыптастыратын және атмосфераның жер бетіндегі қабатында тұрып қалу құбылыстарының дамуына кедергі келтіретін атмосфераның жоғары динамикасы өңірдегі климатқа тән ерекшелік болып табылады.

2014-2023 жылдар кезеңінде жел бағыттарының орташа жылдық қайталануын талдау оңтүстік-шығыс (18%), шығыс (15%) және батыс (13%) бағыттарындағы желдер жиі байқалатынын көрсетеді. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 3,5 м/с құрайды (Атырау қаласы метеостанциясы бойынша деректер).

Атмосфералық ауа сапасы

Жалпы алғанда, «Болашақ» МжГКДҚ ауданындағы атмосфералық ауаның жай-күйі елді мекендер үшін атмосфералық ауаның сапасына қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді. Автоматты мониторинг станцияларындағы күкіртсутегі бойынша жекелеген жағдайларды қоспағанда, барлық ластаушы заттардың шоғырлануы ШРК-дан (рұқсат етілген шекті концентрациядан) аспайды: СМКВ 102, СМКВ 116 және СМКВ 115. Күкіртсутегінің қысқа мерзімді артуы тіркелген көрсеткіштерден 5% -дан азды құрайды. Атмосфералық ауа сапасының нормативтен асып кетуінің деректері «Болашақ» МжГКДҚ қызметімен байланысты емес, зауыт концентрацияның жоғарылауы кезінде штаттық режимде жұмыс істеді, барлық жүргізілетін жұмыстар жоспарлы болды, ешқандай іркілістер байқалған жоқ. Концентрацияның жоғарылауының жекелеген жағдайлары шығарындыларды сөйілтту кезінде қолайсыз метеорологиялық жағдайлары бар жақын маңдағы кәсіпорындар эмиссияларының жиынтық әсері ықпал етуі мүмкін.



1 Сурет

«Болашақ» МжГКДҚ аумағында пайдаланылған каустикті тазарту бойынша жобаланатын қондырғыны орналастыру схемасының картасы

Су объектілері

Жер үсті сулары. Жоба аумағында және оған жақын жерде жер үсті су объектілері жоқ. Су қорғау белдеулері мен аймақтарына жоспарланған жұмыстар әсер етпейді. Каспий теңізі жоба алаңынан 21 км астам қашықтықта орналасқан.

Өңірдің өзен желісі Жайық өзені мен Ембі өзенінен тұрады. Жайық өзені шамамен 40 км қашықтықта орналасқан.

Бастапқы су көзі «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры болады. Сумен жабдықтау «Болашақ» МЖГКДҚ өндірістік аумағында орналасқан суды дайындаудың қолданыстағы қондырғысынан жүзеге асырылатын болады. Ауыз су қажеттіліктеріне бөтелкедегі су да пайдаланылатын болады.

Жер асты сулары. Климаттың құрғақтығы, табиғи құрғақтылықтың әлсіздігі және тұрақты су ағындарының болмауы басым түрде жоғары минералдандырылған жерасты суларының қалыптасуына себепші болады.

Пайда болу және орналасу жағдайлары бойынша жер асты сулары екі гидродинамикалық аймаққа жатады. Жоғарғы аймақ тегеурінсіз жер асты суларының еркін бетімен немесе әлсіз тегеурінді таралуымен сипатталады.

Топырақтар. Жер ресурстары

Аймақтың топырағының түрі қоңыр шөлейтті топырақ. Аумақта интразональды топырақ - сортаңдар мен сорлар едәуір таралған.

Зерттелген топырақ қарашірік пен қоректендіру элементтерінің өте төмен болуымен, тұзданудың жоғары дәрежесімен, карбонаттылығымен және сілтілік реакциясымен сипатталады. Ауыл шаруашылығы тұрғысынан топырақ егіншілікке жарамсыз және өнімділігі төмен, тек жайылымдар ретінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

Каустик қондырғысын салуға арналған аумақ «Болашақ» МЖГКДҚ салу кезінде бұрын жүргізілген жоспарлау жұмыстарының нәтижесінде пайда болған беті тегістелген техногендік бұзылған учаскеден тұрады.

Жүргізілген зерттеулердің деректері бойынша құрылыс учаскесіне іргелес жатқан аумақтардың топырағы мұнай өнімдерімен ластанбағаны анықталды.

Ауыр металдардың жалпы және жылжымалы нысандарының шоғырлануы да белгіленген ШРК нормативтерінен аспайды.

Топырақтағы күкірт қосылыстарының арасында суда еритін және қышқылда еритін (гипс) нысандар басым. Қарапайым күкірт құрамының ШРК нормативтік деңгейінен артуы байқалмады.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша топырақтың мұнай өнімдерімен, ауыр металдармен және күкірт қосындыларымен химиялық ластануы байқалмады, бұл құрылыс ауданында топыраққа елеулі техногендік әсердің жоқтығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Биоәруландылық

Өсімдік

Каустик қондырғысының құрылыс аумағы топырақ-өсімдік жамылғысы жоқ, техногендік бұзылған жерлерде «Болашақ» МЖГКДҚ аумағында орналасқан. Іргелес аумақтарда өсімдіктердің келесідей қоғамдастықтары басым:

- Кедір-бұдырлы сарсазан басым қоғамдастықтар;
- Сортаңданған бұйырғы басым қоғамдастықтар;
- Лерхов жусаны басым қоғамдастықтар.

Флораның негізгі сипаттамаларының бірі түрлердің, тектерінің, тұқымдарының санымен, сондай-ақ өсімдіктердің неғұрлым ірі жүйелі топтарының құрамындағы осы таксондардың санымен айқындалатын оның флористикалық байлығы болып табылады.

МЖГКДҚ -да каустикті тазарту қондырғысы құрылысының іргелес аумағының флористикалық әруландылығы аса бай емес. (2021-2024 жж. деректері бойынша) және 23 түрден, 20 тектен және 9 тұқымнан тұрады.

ҚР Қызыл кітабына енгізілген, сирек кездесетін, эндемикалық және жойылып бара жатқан өсімдіктер түрлері соңғы жылдары далалық зерттеулердің деректері бойынша каустик қондырғылары құрылысының іргелес аумағында байқалмады.

Жануарлар дүниесі

Омыртқасыздар. Экологиялық зерттеулердің нәтижелері «Болашақ» МжГКДҚ маңында тіршілік етушілердің популяциясының табиғи жай-күйі табиғи өсімдіктерге жақын, жеткілікті тұрақты деңгейде деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді..

2021 - 2024 жылдардың көктемгі кезеңінде зерттеулер жүргізу кезінде доминантты түрлер қатарынан салыстырмалы санының айтарлықтай өзгеруі тіркелмеді.

Құрлықтағы омыртқалы жануарлар. Құрлықтағы омыртқалы жануарлардың жай-күйіне мониторингтік бақылаулардың нәтижелері қарастырылып отырған аудандағы түрлік әралуандылық пен олардың саны көбінесе осы көрсеткіштердің көп жылдық өзгерістері шегінде болғанын айғақтайды.

Құрлықтағы омыртқалы жануарлардың түрлік құрамының, санының және аумақ бойынша таралуының өзгеруі, ең бастысы, табиғи сипатта болды. Бірінші кезекте, зерттелетін жануарлардың әрқайсысына тән табиғи циклдармен, сондай-ақ сыртқы орта факторларымен (температуралық режим, жауын-шашын мөлшері, өсімдіктердің дамуы, қоректің ресурстарының болуы және қол жетімділігі, эпизоотиялардың таралуы, жаулардан паналаулардың болуы және кеміргіштердің санын реттеудің ішкі операциялық тетіктерімен (саны өскеннен кейін ең жоғары ықтимал шектерге дейін күрт құлдырауы) байланысты.

Құстар. Мониторинг алаңдарындағы көп жылдық бақылаулар жалпы биоәралуандылық пен құстар санының серпіні тұрақты болып қалатынын көрсетті. Осы көрсеткіштердің байқалатын ауытқулары осы аумақтың аридтік сипатын ескере отырып, негізінен табиғи процестермен, көбінесе климаттық процестермен байланысты.

Болашақ МжГКДҚ орналасқан аудан мен оған іргелес аумақтар саны мен фондық түрлерінің әртүрлілігі аз фаунадан тұрады. Көптеген қосымша құстар, оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілгендер көші-қон кезеңдерінде және кездейсоқ ұшу кезінде кездесуі мүмкін.

ӨЭМ (мониторингтің) мониторингілік және фондық алаңдарында авифаунаның негізін құрайтын құстардың түрлері өңірдегі көптеген және әдеттегі болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА)

Жақын маңдағы ЕҚТА (Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қорық аймағы) «Болашақ» МжГКДҚ аумағында орналасқан жоба алаңынан 21 км астам қашықтықта, ал «Ақжайық» табиғи резерваты одан әрі - 58 км қашықтықта орналасқан.

3. ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жобаның мақсаты қолданыстағы блокты (қондырғыны) және қышқылды бейтараптандырудың уақытша кешенін термиялық тотықтырғыш технологиясын пайдалана отырып, пайдаланылған каустикті тазарту қондырғысын жаңа қондырғымен (бұдан әрі - Каустик қондырғысы) ауыстыру болып табылады.

Құрылыс

Каустик қондырғысының құрылысы жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның аумағында жоспарланған және келесідей кезеңдерді қамтитын болады:

- *құрылыс алаңының негізін дайындау;*
- *дайындалған алаңда қондырғыны монтаждау;*
- *пайдаланылған каустикті бейтараптандыру қондырғысынан технологиялық процестің өндірістік сарқынды суларын буландырғыш тоғандарынан (буландырғыш тоғандар) құбырды кесу нүктесіне дейін құбыр салу.*

Құрылыс кезіндегі жұмыстардың негізгі көлемі мыналармен байланысты болады: топырақты қазу және орнын ауыстыру, инертті құрылыс материалдарын тасымалдау және жинау, бетон өндірісі, дәнекерлеу жұмыстары, бояу жұмыстары, битум жұмыстары, арнайы техника жұмысы.

Жабдықтарды іске қосу-жөндеуді қоса алғанда, құрылыс жұмыстарын 2026 жылдан бастап 2028 жылдың басына дейін жүргізу жоспарланып отыр.

Құрылыс кезеңінде персоналдар «Болашақ» МжГКДҚ жанындағы вахталық лагерьлердің бірінде тұрады деп жоспарлануда.

Жобаланатын объектілерді орналастыру үшін жер ресурстарына жалпы қажеттілік (Сарқынды сулар қондырғысы және құбыржелісі) 7,325 га (0.07325 км²). құрайды. Жобаланатын объектілер орналасатын учаскелер өнеркәсіп жерлеріне жатады және өзінің нысаналы мақсаты бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін пайдаланылмайды.

Пайдалану

Жаңа каустик қондырғысы 2028 жылы іске қосылады деп жоспарлануда.

Түтін газдары ағынын тазартумен толықтырылған термиялық қышқылдандыру технологиясы шетелде де, Қазақстанда да ұқсас объектілерді пайдаланудың озық тәжірибесінің нәтижелерін ескере отырып, тұжырымдаманы таңдау кезеңінде таңдалып алынды және «Болашақ» МжГКДҚ одан әрі пайдалануда өндіріске және қоршаған ортаға қауіпсіз режимде жалғастыруға мүмкіндік береді.

Каустикті орнату құрамында тұздары, күкіртті сутегі және меркаптандары көп өндірістік ағынды суларды қауіпсіз кәдеге жарату үшін көп функционалды шешім болып табылады.

Жаңа каустик қондырғысының жобалық қуаты тәулігіне 50 м³ құрайды.

Каустик қондырғысы I санаттағы - «Болашақ» МжГКДҚ кәсіпорнының аумағында орналастырылатын болады және МжГКДҚ -да мұнай мен газды дайындау процестерімен тікелей технологиялық байланысты объект болып табылады.

Көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нұсқасын таңдау

Орналастыру нұсқалары

Жоба бойынша жаңа каустик қондырғысын іске қосу жоспарлануда, ол өндіріс пен қоршаған орта үшін қауіпсіз режимде МжГКДҚ одан әрі пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік береді. Каустиктің жаңа қондырғысы шетелде де, Қазақстанда да ұқсас нысандарды пайдаланудың озық тәжірибесін ескере отырып жобаланады.

Каустиктің жаңа қондырғысы қолданыстағы «Болашақ» КБНЖБ-ның жұмысымен технологиялық жағынан байланысты, сондықтан оны МжГКДҚ -ның өндірістік аумағында орналастыру неғұрлым

оңтайлы аумақтық шешім болып табылады. Жаңа каустик қондырғысын орналастырудың басқа балама учаскелерін МжГКДҚ -дан тыс жерлерде қарастыру өзекті болмай отыр.

Технология нұсқалары

Технологияларды талдау нәтижесінде жобалық құжаттамада «ылғалды технология» мынадай критерийлер бойынша бірқатар артықшылықтарға ие екені айқындалды:

- «Ылғалды технологияның» жоғары сенімділігін атап өткен жөн, бұл оның әлемдік тәжірибеде жиі қолданылуымен расталады;
- Ылғалды технология қатты қалдықтарды шығармайды, бұл оларды кәдеге жаратудың күрделі және қымбат процестерінің қажеттілігін жояды;
- Жабдықтардың аз мөлшерін талап етеді, бұл пайдалану шығындарын жеңілдетеді және азайтады.

Неғұрлым жоғары күрделі салымдарға қарамастан, ылғалды технология пайдалану кезеңінде операциялық шығындарда айтарлықтай үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, «ылғалды технология» Компанияның операциялық басымдықтарына сәйкес келетін пайдаланылған каустикалық ерітінділерді тазарту жөніндегі қондырғы үшін неғұрлым сенімді және қарапайым шешімді білдіреді.

4. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ, САРҚЫНДЫ СУЛАР МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ КӨЛЕМІ, ФИЗИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұл бөлімде эмиссиялардың, су тұтыну көлемдерінің сандық және сапалық көрсеткіштері, өндіріс және тұтыну қалдықтарының саны және физикалық факторлардың көрсеткіштері келтіріледі.

4.1. Ластаушы заттардың шығарындылары (эмиссиялар)

Құрылыс кезінде. Құрылыс жұмыстары кезеңінде арнайы техниканың жұмысы кезіндегі ластаушы заттардың жалпы шығарындысы **1410.1** тоннаны құрайды.

Құрылыстың барлық стационарлық көздерінен шығарындылардың жалпы көлемі бүкіл кезеңде (2026-2028 жж.) **417.034** тонна ластаушы заттарды құрайды.

Атмосфераға азот оксиді, көміртек тотығы, күйе, күкірт диоксиді, көмірсутектер және бейорганикалық шаң түсетін болады. Осы ластаушы заттардың құрылыс жұмыстарынан шығарындылардың жалпы көлеміне үлесі 98.2% -ды құрайды.

Пайдалану. Каустик қондырғысының техникалық сипаттамасы негізінде 3 ұйымдастырылған және 3 ұйымдастырылмаған ЛЗ шығарындыларының стационарлық көздері анықталды.

Атмосфераға негізінен азот оксиді, көміртек оксиді, күкірт диоксиді және метан түсетін болады. Осы ластаушы заттардың шығарындыларының жалпы көлеміне үлесі 99% -ды құрайды. Каустик қондырғысын пайдалану кезінде ластаушы заттардың шығарындыларының жылдық көлемі **436.212** тоннаны құрайды

4.2. Су ресурстары. Су тұтыну мен су бұру

Су тұтыну

Құрылыс кезінде. Барлық құрылыс қызметкерлері вахталық лагерьлерде тұратын болады. Су құрылыс кезінде шаруашылық-ауыз су және өндірістік қажеттіліктерге - объектілер үшін алаң дайындауға, шаң басуға, қондырғыны пайдалануға берер алдында гидросынауға және басқаларына пайдаланылатын болады. Ауыз су қажеттіліктері үшін бөтелкедегі су пайдаланылады. Ауыз судың сапасын бақылауды жеткізуші және Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті қамтамасыз етеді. Су сынағына су автотасымалдаушылармен жеткізілетін болады.

ҚР СҚ 4.01-101-2012 талаптарына сүйене отырып, шаруашылық-ауыз суды тұтыну бір қызметкерге ауысымда 25 л норма бойынша есептелді.

Жер қазу жұмыстары кезінде топырақты ылғалдандыру үшін пайдаланылатын техникалық судың көлемі топырақтың 1 м³ үшін 0,1 м3 құрайды (СНЖҚ 4.02.-91 Жинақ 1. Жер жұмыстары 1-135-кесте).

Пайдалану кезінде. Пайдалану кезінде су каустикалық қалдықтарды араластыру, түтін газдарын баптау, Вентури скрубберін сіңдіру (сұйық сарқынды суларды араластыру) үшін қажет болады.

Су бұру

Құрылыс кезінде. Барлық құрылыс кезінде жұмыскерлер вахталық лагерьлерде тұратын болады. Құрылыс кезеңінде шаруашылық-ауыз суды «Самал» вахталық кентінің жұмыс істеп тұрған тазарту құрылыстарына бұру және олардың қолданыстағы ағынды суларды қабылдағыштарына ағызу көзделеді. Гидравликалық сынақтардан кейін су бұру МжГКДҚ өндірістік-нөсерлеу жүйесіне және одан әрі буландырғыш тоғандарына бағытталатын болады. Өндірістік ағынды сулар тазартылғаннан кейін буландырғыш тоғандарға жіберіледі.

Пайдалану кезінде. Түтін газдарын баптауға арналған су буланады, сәйкесінше бұл суды қайтарымсыз тұтыну. Каустикалық қалдықтарды араластырғаннан және Вентури скрубберін сіңдіргеннен кейін сарқынды сулар буландырғыш тоғандарға жіберілетін болады.

Су тұтыну мен су бұрудың есептелген көлемдері 4.3-1-кестеде келтірілген.

Құрылыс және пайдалану кезеңінде шаруашылық-ауыз судың сарқынды суларын Самал вахталық кентінің жұмыс істеп тұрған тазарту құрылыстарына бұру, өндірістік сарқынды суларды және суларды гидросынақтардан кейін «Болашақ» МжГКДҚ жұмыс істеп тұрған тазарту

құрылыстарына бұру және оларды тазартудан кейін қолданыстағы сарқынды суларды қабылдағыштарға жіберу болжанады, олар үшін эмиссиялар нормативтері айқындалған, осыған байланысты осы эмиссиялар жобада қарастырылмайды

4.2-1 Кесте Су тұтыну және су бұру көлемдері

Құрылыс кезіндегі су балансы			
Өндіріс	Су тұтыну, м³/кезең	Қайтарымсыз тұтыну, м³/кезеңд	Су бұру, м³/кезең
Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне	1402,5	-	1402,5
Өндірістік қажеттіліктер, оның ішінде:			
Шаң басуға	55,3	55,3	-
Топырақты нығыздауға	4497,8	4497,8	-
Құбырларды гидросынауға	204,5	-	204,5
Жиыны:	6160,1	4553,1	1607,0
Пайдалану кезіндегі су балансы			
Өндіріс	Су тұтыну, м³/жыл	Қайтарымсыз тұтыну, м³/жыл	Су бұру, м³/жыл
Каустикалық қалдықтарды араластыру	11 650,80	-	11 650,80
Түтін газдарын баптау	151 267,68	151 267,68	-
Вентури скрубберін сіндіру (сұйық сарқынды суларды араластыру)	78 104,16	-	78 104,16
Жиыны:	241 022,64	151 267,68	89 754,96

4.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Көзделіп отырған қызмет процесінде өндіріс (өндірістік операцияларды орындау, автокөлік құралдарын және жабдықты пайдалану кезінде) пен тұтыну (персоналдың тіршілік әрекетінен) қалдықтары пайда болады. Төменде түзілетін қалдықтар түрлерінің тізімі келтірілген.

Құрылыс кезінде

Майланған қалдықтар
Құрамында мұнайы бар қалдықтар
Құрамында сынап бар қалдықтар
Пайдаланылған қуаттандыру көздері
Пайдаланылған аккумуляторлар
Химреагенттердің қалдықтары (сұйық)
Химреагенттердің қалдықтары (қатты)
Пайдаланылған техникалық майлар
Металл сынықтары
Коммуналдық қалдықтар
Қағаз бен картон қалдықтары
Бетон қалдықтары
Резина-техникалық өнімдер қалдықтары
Тамақ қалдықтары
Пластик қалдықтары
Медициналық қалдықтар
Лак-бояу материалдарының қалдықтары
Тозған қорғаныс құралдары мен арнайы киім
Абразив қалдықтары
Ағаш қалдықтары
Құрылыс қалдықтары

Пайдалану кезінде

Химреагенттердің қалдықтары (сұйық)
Химреагенттердің қалдықтары (қатты)
Майланған қалдықтар
Құрамында мұнайы бар қалдықтар
Күкірт қалдықтары

2026-2028 жж. жоспарланған құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде өндіріс және тұтыну қалдықтары түзілетін болады. 2026-2028 жылдардағы құрылыс жұмыстары кезеңінде барлығы **751,012** тонна қалдық түзіледі.

Пайдалану кезеңінде жылына **77,383** тонна көлемінде қауіпті қалдықтар түзілетін болады.

Жоспарланған жұмыстар кезінде орындалатын қалдықтарды басқару жүйесі қалдықтардың кез келген түрлерінің қоршаған ортаға түсуін болдырмайды.

Компания полигондарында қалдықтарды көму жүргізілмейді және барлық пайда болатын қалдықтар одан әрі кедеге жарату/қайта өңдеу/орналастыру үшін шарт негізінде мамандандырылған кәсіпорындарға берілетін болады.

Қалдықтарды тиісті таңбасы бар герметикалық арнайы контейнерлерде бөлек жинау жүзеге асырылатын болады. Қалдықтарды герметикалық сыйымдылықтарда сақтау жануарлардың қалдықтарға қолжетімділігіне кедергі келтіреді, бұл да теріс әсер ету ықтималдығын төмендетеді.

Қалдықтарды жинау және оларды басқа ұйымдарға беру мамандандырылған көлікпен жүзеге асырылатын болады.

4.4. Физикалық факторлар

Шу. Пайдалану сатысында қондырғының жұмысы кезіндегі шу деңгейі жабдықты жеткізушінің ақпараты бойынша 80 дБ құрайды, бұл Гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

Құрылыс жұмыстары кезеңіндегі жұмыс кезінде дыбыстың (шудың) неғұрлым жоғары деңгейін генерациялауға болатын пайдаланылатын техника мен жабдық шу көздері болып табылады. Бірақ жақын маңдағы тұрғын үй құрылысының шекарасында шудың санитарлық нормалары сақталатын болады.

Діріл. Құрылыс жұмыстарын жүргізу және пайдалану кезінде қоршаған ортаға діріл әсерінің негізгі көздері құрылыс техникасы, технологиялық жабдық болып табылады.

Қондырғыны салу және пайдалану кезінде қажетті талаптар сақталады және жұмыс істеп тұрған жабдықтың діріл деңгейі нормативтік мәндерден аспайды.

Электромагниттік сәулелену. Ведомстволық байланыстың базалық станциялары, күштік трансформаторлары бар трансформаторлық қосалқы станциялар, ұялы және өзге де байланыс түрлері электромагниттік сәулелену көздері болып табылады.

Жобалық шешімдермен нормативтерде белгіленген шектерде электромагниттік сәулелену деңгейін қамтамасыз ететін жабдықтарды пайдалану көзделген.

Жарықтандыру. Құрылыс алаңы мен өнеркәсіптік алаңдарда табиғи жарықтандыру болады. Тәуліктің қараңғы мезгілінде электрлік жарықтандыру қарастырылған. Жұмыс алаңдарын жарықтандыру орындалатын нормативтік талаптармен реттеледі.

Радиация. Каустик қондырғысының құрылысы мен оны пайдалану кезінде радиоактивті материалдарды пайдалану көзделмейді, радиация көздері жоқ.

5. ҚОРШАҒАН ОРТА КОМПОНЕНТТЕРІНЕ ЫҚТИМАЛ ЕЛЕУЛІ ӘСЕРЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. Көзделіп отырған қызметтің адамдардың денсаулығына, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайларына күтілетін әсері

Халықтың денсаулығы мен өмір сүру деңгейін қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық аспектілер өнеркәсіптік объектілерді салу мен пайдаланудың әсерін бағалаудың негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Қондырғы «Болашақ» МжГКДҚ технологиялық процесінің бір бөлігі ғана болып табылатынын ескере отырып, осы Қондырғының құрылысы мен оны пайдалану кезінде әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсерін бағалау барынша шартты.

Құрылыс және пайдалану кезінде адамдардың денсаулығына негізгі ықтимал тікелей теріс әсер атмосфералық ауаның ластануы, шудың әсері және т.б. болуы мүмкін. Жоспарланатын қызметтің адамдардың денсаулығына жанама әсер етуі адамдардың өмір сүру жағдайларымен, яғни әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен байланысты болуы мүмкін және жұмыспен қамтылудан, адамдардың қосымша санымен, табыс түсудан және тиісінше ақылы медициналық қызметтерге жүгіну мүмкіндігінен байқалады.

«Болашақ» МжГКДҚ (каустиктің жобаланатын қондырғысы орналастырылатын) жақын тұрғын аймақтан едәуір қашықтықта орналасуы, оның шекарасында атмосфералық ауаның ластану деңгейінің гигиеналық нормативтерінің сақталуына кепілдік берілетін санитариялық-қорғаныш аймағының болуы жақын елді мекендер аумағында теріс әсердің жоқтығын болжауға, қауіпсіз тұруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. интегралдық бағалау халықтың денсаулығына теріс әсердің жоқтығын растайды.

Жергілікті халықтың/персоналдың денсаулығына тікелей және жанама оң әсер ету болжанады. Тікелей оң әсерге құрылыста және пайдалануда жұмыс істейтін персоналдың және олардың отбасыларының өмір сүру сапасын арттыруды жатқызған жөн. Жаңа жұмыс орындарын құру (құрылысқа 160 адамды тарту жоспарланып отыр); персоналдың жеке табыстарының ұлғаюы жергілікті халықтың әл-ауқатының артуымен және өмір сүру жағдайларының жақсаруымен сүйемелденетін болады.

Кірістердің өсуі олардың өмір сүру жағдайларын жақсарту мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Кірістердің өсуі есебінен сатып алу қабілеті, ақылы медицинаға қол жетімділік артады және тиісінше Қондырғы құрылысымен тікелей айналысатын адамдардың және тартылатын мердігерлердің денсаулық жағдайы жақсарады.

Штаттық режим кезінде көзделіп отырған қызмет әлеуметтік-экономикалық ортаға теріс әсер етпейді. Жұмыспен қамту және халықтың табысы сияқты жекелеген аспектілерге оң да, теріс де әсер етуі мүмкін. Алайда, бәсеңдетілген шаралардың және ілеспе экономикалық факторлардың арқасында қорытынды әсер оң деп бағаланады. Елеулі теріс әсерлер байқалған жоқ.

Жоспарланған қызмет санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға әсер етпейді. Белгіленген қызметтің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға әсері елеусіз деп бағаланады.

Материалдық активтер, тарихи-мәдени мұра объектілері. Қондырғы орналасатын «Болашақ» МжГКДҚ өндірістік аймағы мен СҚА аумақтары Атырау облысының рекреациялық ресурстарына әсер етпейді. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне ықтимал келеңсіз салдарларды болдырмау үшін 2002-2003 жылдары археологиялық зерттеулер кешені жүргізілді, оның барысында археологиялық және этнографиялық объектілер анықталды, тіркелді және сипатталды, олардың тарихи-мәдени маңызы айқындалды. Оларды сақтау жөніндегі барлық қажетті шаралар орындалды және жаңа қондырғының құрылысы тарихи-мәдени мұраға теріс әсер етпейді.

5.2. Көзделіп отырған қызметтің табиғи ортаға күтілетін әсері

Каустик қондырғысының құрылысы және оны пайдалану кезінде елеулі әсерлерге ұшырауы мүмкін табиғи ортаның негізгі объектілері мынадай компоненттер болып табылады:

- атмосфералық ауа (газ тәріздес және қатты заттармен, шаңмен ластану);
- су ресурстары (су тұтыну, жерасты суларының ластануы);
- жер ресурстары, топырақ (жер бөлу, ластану);

- биоэрауандылық/биологиялық ресурстар - өсімдіктер, жануарлар (тіршілік ортасының бұзылуы, алаңдаушылық факторлары).

Атмосфералық ауа

Атмосфералық ауа жоспарланған қызметтің әсер ететін табиғи ортаның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Атмосфералық ауа сапасының қазіргі жай-күйі жобаланатын объектінің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау кезінде маңызды аспект болып табылады.

Атмосфералық ауаға әсер ету Қазақстан Республикасында атмосфералық ауаның сапасына қойылатын заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік тұрғысынан бағаланады.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау үшін критерий ретінде бекітілген «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіп ұйымдарының аумақтарындағы атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтердің» негізінде қабылданған ШРК м.б. (шекті рұқсат етілген концентрацияның максималды бір реттік) және ӘБҚД (ауадағы заттардың әсер етуінің болжаммен алынған қауіпсіз деңгейі) қолданылады. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы).

Шығарындылардың көлемі мен ластаушы заттардың ықтимал шоғырлануы көрсетілген атмосфералық ауаға күтілетін әсер егжей-тегжейлі бағаланды және осы қосымшаның 4.1-бөлімінде берілген.

Су

